

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ  
С.Д. АСФЕНДИЯРОВА

# Тауар айналымы. Нарық



## Жоспар

- Тауар айналымы туралы түсінік.
- Нарық және оның қызметтері.
- Нарық құрылымы.
- Экономикалық категориялар.



## **Натуралды шаруашылық-бұл**

- Алғашқы қауымдық кезеңде пайда болды
- Игіліктер өндірісінде өзіндік еңбек қолданылады
- Өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында өнім өндірісі

## **Тауарлы шаруашылық-бұл**

- Қоғамдық еңбек бөлінісі нәтижесінде пайда болды
- Игіліктер өндірісінде жалдамалы еңбек пайдаланады
- Тауар өндірісінде өнім нарықта сату үшін құрылады



**БАРТЕР** - бір тауардың екінші тауарға ақшасыз айырбасталуы

**(Т-Т) = ТАУАР - ТАУАР**

**ТАУАР АЙНАЛЫМЫ** - жанама түрде ақша мен тауар айырбасы


**(Т-А-Т) = ТАУАР – АҚША - ТАУАР**



Тауарайналымы келесі бөлімдерден тұрады:  
шығын (оның ішінде сату);  
тауарлық қамтамасыз ету (тауарлардың түсуі);  
тауарлар қоры (тауарайналысы).



Тауарайналымының барлық бөлімдері өзара байланысты, олардың арасында баланстық байланыс бар.






ДП мен ММБ сату сандық және сапалық көрсеткіштерде өлшенеді:

сандық – белгілі бір кезеңде еркін бөлшек сауда бағасындағы жалпы сату көлемі, теңгемен;

сапалық – бір тұрғынға сату, бір қызметкердің сатқан көлемі, тауар топтары бойынша сату.



Бөлшек және көтерме сату көлемінің сату тәсілі бойынша құрамдас бөліктері схемалары берілген:







# НАРЫҚ

- экономикалық ұйымдасқан қатынастар жүйесі
- өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну, сату, сатып-алу арқылы жүзеге асырылатын жүйе

# Нарықтың қызметтері

A photograph of laboratory glassware, including test tubes and beakers containing blue liquid, with several blue and yellow capsules in the background.

1. Қоғамдық өндірісті реттейді,  
"не, қалай, кім үшін өндіру керек?" мәселелерді шешеді.
2. Өндіруші мен тұтынушы арасында байланыс.
3. Өндіріске кеткен шығындарды анықтайды.
4. Бағаны белгілейді.
5. Өндірушілерді дифференциалдайды.

# Нарық

## СУБЪЕКТ

- үй шаруашылығы
- фирмалар
- мемлекет
- факторлары

## ОБЪЕКТ

- тауарлар
- қызметтер
- өндіріс
  
- ақша

# Нарықтың бөлек элементтерінің ішкі құрылысы


## НАРЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

- сату түріне байланысты
- экономикалық міндеттеріне байланысты
- бәсекенің шектелу дәрежесіне байланысты
- саласы бойынша
- географиялық орналасуына байланысты



## САТУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

- КӨТЕРМЕ САУДА НАРЫҒЫ
- БӨЛШЕК САУДА НАРЫҒЫ

A photograph of a laboratory setting. In the foreground, a glass test tube is being filled with a blue liquid from a pipette. In the background, there are several Erlenmeyer flasks containing blue liquid, and a tray of blue and yellow capsules. The background is softly blurred.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

- тауарлар мен қызметтер нарығы
  - өндіріс құралдары нарығы
    - еңбек нарығы
      - инвестициялар
        - құнды қағаздар
          - қаржы нарығы

A laboratory setting with various glassware containing blue liquid. In the foreground, a large Erlenmeyer flask is partially filled with blue liquid. Behind it, several test tubes and smaller flasks are visible, some also containing blue liquid. In the background, there are several blue and yellow capsules scattered on a surface. The overall scene is brightly lit, with a soft blue glow.

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

- ЖЕРГІЛІКТІ НАРЫҚ
  - АЙМАҚТЫҚ НАРЫҚ
  - ҰЛТТЫҚ НАРЫҚ
  - ӘЛЕМДІК НАРЫҚ

A laboratory setting with various glassware containing blue liquid. In the foreground, a large Erlenmeyer flask is partially filled with blue liquid. In the background, several test tubes and beakers also contain blue liquid. To the right, a tray holds several blue and yellow capsules. The overall scene is brightly lit, suggesting a clean, professional environment.

# БӘСЕКЕНІҢ ШЕКТЕЛУ ДӘРЕЖЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

- МОНОПОЛИЯЛЫҚ НАРЫҚ
- ОЛИГОПОЛИЯЛЫҚ НАРЫҚ
- ЕРКІН НАРЫҚ



# САЛАСЫ БОИЫНША



- АВТОМОБИЛЬ НАРЫҒЫ
- БИДАЙ НАРЫҒЫ
- МҰНАЙ НАРЫҒЫ
- .....



## НАРЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ



**ТАУАР**  
нарығы

**ҚАРЖЫ**  
нарығы

**ЕҢБЕК**  
нарығы



## ТАУАР НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

- делдал фирмалар
- жәрмеңкелер, аукциондар
- көтерме сауда кәсіпорындары
- бөлшек сауда кәсіпорындары

## ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

- валюта және қор биржалары
- банктер
- сақтандыру компаниялары

## ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫ

- еңбек биржасын
- еңбекпен қамту қызметі
- кадрларды даярлау



**САУДА** - бұл адамдардың тауар айырбасын және сату - сатып алу актіні жүзеге асырумен байланысты қызметі.

### Сауданы ұйымдастыру әдістері:

- нақты ақшаға сату
- тауарларды несиеге сату
- тауарларды сатып алушының мүлкін кепілге алу арқылы сату
- бартер



**Сатудың  
көлеміне байланысты**



**көтерме сауда**



**бөлшек сауда**



латын тілінен аударғанда **"СОҒЫСЫП- ҚАЛУ"** деген сөз  
**БӘСЕКЕ**

**БАҒАЛЫ БӘСЕКЕ**

**БАҒАЛЫ ЕМЕС БӘСЕКЕ**

**Экономикалық категориялар — қоғам өмірінің нақты жағдайларын теориялық тұрғыдан сипаттайтын логикалық түсініктер.**

**Мысалы:**

- 1) Сұраныс
- 2) Ұсыныс
- 3) Қаржы
- 4) Несие
- 5) Меншік
- 6) Жалақы
- 7) Нарық
- 8) Пайда
- 9) Тауар
- 10) Ақша т/б



*Сұраныс дегеніміз*- белгілі уақыт ішінде бағасы анықталған тауарларды тұтынушылардың сатып алу қабілеттілігі немесе адамдардың бір нәрсе үшін ақы төлеуге қабілеттілігі мен тілегін білдіреді. Сұраныс пен баға арасындағы кері қатынасты *сұраныс заңы* қарастырады.

Сұраныс заңы:

А) баға мен сатып алынатын тауар санының арасындағы кері байланысты көрсетеді;

ә) сол тауарға деген сұраныстың бірте-бірте азаюы.





Сұраныс көлеміне әсер ететін факторлар 2-ге бөлінеді:

**а) бағалық факторлар;** Тауар бағасының төмендеуі сұраныс деңгейін

жоғарлатады, ал бағаның өсуі сұраныс деңгейін төмендетеді

**ә) бағалық емес факторлар.**

Сұранысқа әсер ететін бағалық емес факторларға жататындар:

- Тұрғындардың ақшалай табыстары;

- Тұтынушылар құрылымының өзгеруі;

- Тұтынушының талғамы мен талғауы;

- Жинақталған мүлік;

- Нарық көлемі, яғни бірін-бірі ауыстыратын және толықтыратын тауарлар

көлемі;

- Сатудан кейінгі көрсетілетін сервистік қызмет.



**Ұсыныс дегеніміз-** белгілі уақыт ішінде бағасы қойылған тауарларды нарыққа шығару немесе рынокқа сату үшін шығарылған өнімдердің түрлі саны. Тауарларды ұсыну мен баға арасындағы тура қатынасты ұсыныс заңы қарастырады. *Ұсыныс заңы* баға мен ұсыныстың бір бағытта өзгеруін көрсетеді.

*Ұсыныс қисығы дегеніміз* – нақты уақыт кезінде әртүрлі бағада өндірушілердің сатуға дайын экономикалық игіліктерінің санын көрсететін қисық.

Ұсыныс көлеміне де 2 фактор әсерін тигізеді:

- а) баға;
- ә) бағалық емес факторлар.

Ұсынысқа әсер ететін бағалық емес факторларға жататындар:

- Қолданылатын өндіріс технологиясының сипаты;
- Салықтар мен дотациялар;
- Табиғи-климаттық жағдайлар;
- өндіріс ресурстарының сапасы мен санының өзгеруі;
- ресурстардың бағаларының өзгеруі;
- күтім;
- маркетинг, бәсеке, жеткізушілер санының өзгеруі.